# Ш Е Ш І М
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

7 наурыз 2024 жыл № 1912-23-00-2/2876 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Ж.Омарбеков,
хатшылыққа Б.К.Кыдыркожанованы ала отырып,
электронды форматта ашық сот отырысында азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы «Көктөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Диайлин» ЖК, жеке кәсіпкер Койшибекова Динара Болатовна

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
прокурор Н.Уразбаев
талап қоюшының өкілі Саменов А.

**<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>**

5 ақпан 2023 жылы «Көктөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - талап қоюшы, Тапсырыс беруші) мен «Диайлин» ЖК, жеке кәсіпкер Койшибекова Динара Болатовна (бұдан әрі - жауапкер, Жеткізуші) арасында жалпы сомасы 1 500 000 теңге тұратын «Елді мекендердің ішіндегі және елді мекеннен тыс суғару каналдарын, арық жүйелерін тазалау» жұмыстарына мемлекеттік сатып алу туралы №6 келісім шарт жасалған (бұдвн әрі - № 6 Шарт).

№6 Шарт қазынашылық жүйесіне тіркеу туралы 2023 жылғы 06 ақпандағы №6855634 хабарлама арқылы тіркеліп күшіне енді.

7 ақпан 2023 жылы жалпы сомасы 1 000 000 теңге тұратын «Техникалық сипаттамаға сәйкес, ағаштарды санитарлық кесу, әктеу, отырғызу және шөп отау» жұмыстарына мемлекеттік сатып алу туралы №8 келісім шарт жасалған (бұдан әрі - №8 Шарт).

№8 Шарт қазынашылық жүйесіне тіркеу туралы 2023 жылғы 08 ақпандағы №6861670 хабарлама арқылы тіркеліп күшіне енді.

Жауапкер «Елді мекендердің ішіндегі және елді мекеннен тыс суғару каналдарын, арық жүйелерін тазалау» және «Техникалық сипаттамаға сәйкес, ағаштарды санитарлық кесу, әктеу, отырғызу және шөп отау» жұмыстарын орындауға міндеттеме қабылдады.

Шарттарға 1-қосымшаға сәйкес, жұмысты аяқтау мерзімі шартқа қол қойылған күннен бастап, 2023 жылдың 31 желтоқсанға дейін қажеттілігіне қарай жыл бойы жүргізіледі.

Бүгінгі күнге дейін жүргізілген жұмыстар тізбесі, жасалған жұмыстар актісі арқылы қосымша ұсынылады:

2023 жылдың 05 ақпандағы №6 Шарт бойынша веб-портал арқылы 2023 жылдың 04 сәуірінде 600 000 теңгеге және 2023 жылдың 25 сәуірінде 500 000 теңгеге, актілер орналастырылып, тапсырыс беруші тарапынан уақытылы толық төлем жүргізілген.

2023 жылдың 07 ақпандағы № 8 келісім шарт бойынша веб-портал арқылы 2023 жылдың 20 наурызында 300 000 теңгеге, 2023 жылдың 20 сәуірінде 200 000 теңгеге және 2023 жылдың 05 маусымда 300 000 теңгеге, актілер орналастырылып, тапсырыс беруші тарапынан уақытылы толық төлем жүргізілген.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызымен жүгініп, арызында жауапкердің өз міндеттемесін тиісінше орындамағанын негізге алған.

Талап қоюшы дауларды сотқа дейін реттеу мақсатында жеткізушіге келісім-шарттық міндеттемелерді орындалмау туралы бірнеше рет ұялы телефон арқылы хабарланғанын, ағымдағы жылдың 6 қарашасында Whats App желісі арқылы жазбаша хабарлама жолданған бірнеше мәрте ауызша ескертілгенін, сонымен қатар, екі келісім шарт бойынша 2023 жылдың 08 қарашасында Жеткізушіге Шарт талаптары бойынша міндеттемелерді орындаудамауы себебінен шартты бұзу ниеті туралы хабарлама веб-портал арқылы жіберілгенін көрсетті.

Жауапкеден сотқа жазбаша пікір түспеді.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Саменов А. талап арызды қолдай отырып, талап қоюын толық қанағаттандыруын сұрады.

Жауапкер сот отырысына қатыспады. Сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай- АПК)

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 11.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Омарбеков Н. Д., 12.08.2024

196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, істі көрсетілген жауапкердің қатысуынсыз қарау мүмкін деп санайды.

Прокурор Н.Уразбаев талап қою арызы қанағаттандырылуға жатады деген қорытынды берді.

**<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай- Заң) 12-бабының 4-бөлігінің 3-тармағына сай, жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындаудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің заңнаманы бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап отыз күнтізбелік күнінен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 11-бабының 4-тармағындағы 4) тармақшасында - мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында жауапкер өзіне алған міндеттемені толық және тиісті түрде орындамағаны, яғни жауапкердің кінәсінен мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарттар орындалмағаны дәлелденді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 49-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қуыныммен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот, талап қоюшымен сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Сот, аталған негіздерге сүйене отырып, өнім беруші өз міндетемесін орындамады деп, талап арыз қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

№ 2 талап бойынша.

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 11.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Омарбеков Н. Д., 12.08.2024

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Екі Шарттың 7-бабының 7.3-тармағында өндіруге жататын тұрақсыздық айыбының сомасы шарттары мен мерзімі бекітілген.

№6 Шарт бойынша Тапсырыс беруші аталған негіздерді басшылыққа ала отырып, Шарт бойынша орындалмаған сомасынан 0,1 пайыз, яғни 400 000 х 0,1 х 57 күнге (2023 жылдың 21 қыркүйектен бастап 17 қараша дейін) = 22 800 теңге айыппұл сомасын есептеген.

№8 Шарт бойынша Тапсырыс беруші аталған негіздерді басшылыққа ала отырып, Шарт бойынша орындалмаған сомасынан 0,1 пайыз, яғни 200 000 х 0,1 х 57 күнге (2023 жылдың 21 қыркүйектен бастап 17 қараша дейін) = 11 400 теңге айыппұл сомасын есептеген.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 297-бабына сай, егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің талабы бойынша борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы.

Осыған байланысты, тұрақсыздық айыбының есебін:

№6 Шарт бойынша Тапсырыс беруші аталған негіздерді басшылыққа ала отырып, Шарт бойынша орындалмаған сомасынан 0,1 пайыз, яғни 400 000 х 0,1 х 30 күнге = 12 000 теңге айыппұл сомасын есептеген жеткілікті деп санайды.

№8 Шарт бойынша Тапсырыс беруші аталған негіздерді басшылыққа ала отырып, Шарт бойынша орындалмаған сомасынан 0,1 пайыз, яғни 200 000 х 0,1 х 30 күнге = 6 000 теңге айыппұл сомасын дұрыс деп санайды.

Сонымен, екі шарт бойынша жалпы тұрақсыздық айыбын 18 000 теңгеге дейін азайтады.

Жоғарыда аталған негіздерде, жауапкерден мемлекеттік пайдасына тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап арыздың бөлігі ішінара қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасы АПК-нің 117-бабының 1-тармақшасының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 2 386 теңге көлемінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

**<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>**

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 11.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Омарбеков Н. Д., 12.08.2024

Сот, Қазақстан Республикасы АПК-нің 117, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып,

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы «Көктөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Диайлин» ЖК, жеке кәсіпкер Койшибекова Динара Болатовнаға мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - ішінара қанағаттандырылсын.

«Диайлин» ЖК, жеке кәсіпкер Койшибекова Динара Болатовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Диайлин» ЖК, жеке кәсіпкер Койшибекова Динара Болатовнадан жергілікті бюджет пайдасына 18 000 (он сегіз мың) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 386 (екі мың үш жүз сексен алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талаптың қалған бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге риза болмаған жағдайда шешім түпкілікті нысанда дайын болған күннен бастап бір ай мерзім ішінде, Қазақстан Республикасы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым немесе прокурормен апелляциялық өтініш келтіруге болады.

**Судья** **Н.Ж.Омарбеков**

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 11.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Омарбеков Н. Д., 12.08.2024

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -